«URKER MITEC»
ЗИЯТКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
ЖШС

ТОО
«ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ
ЦЕНТР
«URKER MITEC»

Астана к., Сарыарқа к-сі, 17 үй, 6 кеңсе
Ұялы тел: 87084253299
e-mail: iq_college@mail.ru

г. Астана, ул.Сарыарка, д.17, офис 6
Сот. тел: 87084253299
e-mail: iq_college@mail.ru

2025 ж. «09» қаңтар №шығ:135

Білім басқармасының
басшыларына
Білім беру
ұйымдарының
басшыларына

Құрметті әріптестер!

«IQ college» жобасы аясында **«Urker mitec»** зияткерлік орталығы **экономика саласында оқитын 1,2,3 курс студенттері арасында «Капитал» Республикалық онлайн олимпиадасын өткізеді**.

Бұл олимпиада **2025 жылғы 16 қаңтардан 11 ақпанға дейін** мемлекеттік және орыс тілдерінде **www.iqcollege.kz** ресми сайтында онлайн форматта өткізіледі.

Барлық қатысушылар – **сертификаттармен**, Олимпиада жеңімпаздары – **1, 2 және 3 дәрежелі дипломдармен** марапатталады.

Олимпиада аяқталғаннан кейін нәтижелері сайтта жарияланады.Олимпиадаға қатысу құны – **1000 тг.**

Осы жобадағы ынтымақтастық мүмкіндігі туралы экономика саласындағы жоғары оқу орындары мен колледждерге хабардар етулеріңізді өтінеміз. Барлық сұрақтар бойынша төмендегі телефон нөмірлері бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз:

8-708-425-32-99 (WhatsApp)
8-747-048-77-35 (WhatsApp)
8-705-718-00-02 (WhatsApp);

Белсенді ынтымақтастық үшін рахмет!

«IQ college» жобасының жетекшісі **А.Д.Елеукулов**

Қосымша 1

Экономика саласындағы студенттерге арналған «Капитал» Республикалық олимпиадасының ережесі

I Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже экономика саласындағы колледждер мен ЖОО студенттері арасында «Капитал» Республикалық онлайн Олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық- әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді, өткізу, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиаданың мақсаты: практикалық экономикалық даярлықтың сапасын арттыру, практикалық дәрігерлік қызметтің негізі болып табылатын дағдыларды қалыптастыру және пысықтау, студенттердің теориялық және практикалық даярлық деңгейін білікті бағалау мүмкіндігі. Экономика факультетінің ЖОО студенттерінің жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттерін қалыптастыру және жетілдіру.

1.3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- кәсіби құзыреттілікті меңгеру дәрежесін анықтау;
-ең дарынды және талантты студенттерді анықтау, заманауи экономиканың өзекті мәселелерін шешу үшін олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін пайдалану;
-студенттердің практикалық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру, оларға деген қабілеттерін және мотивация дәрежесін анықтау;
- студенттердің орындайтын жұмысы үшін жауапкершілігін, кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді өз бетінше және тиімді шешу қабілетін арттыру;
- инновациялық білім беру технологияларын және қашықтықтан оқыту әдістерін дамыту.

II Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

2.1. Олимпиаданы ұйымдастырушы ғылыми мекемелердің, мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) қатысуымен «Үркер» Зияткерлік орталығы болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиаданы өткізу мерзімін анықтайды;
- Олимпиаданың әдістемелік комиссиясының құрамын қалыптастырады және бекітеді;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және қорытындылайды.

2.2. Олимпиаданың әдістемелік комиссиясы тапсырмалар мен бағалау өлшемдерін әзірлейді.

III Олимпиада қатысушылары

3.1. Олимпиадаға білім деңгейіне, нәсілдік, этникалық, ұлттық, діни, әлеуметтік және басқа да тиесілілігіне қарамастан, Республиканың алық білім беру мекемелерінің 1, 2, 3 курс студенттері ерікті негізде қатысады.

3.2. Түзету білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне байқауларға тегін қатысу құқығы беріледі. Тегін қатысу құқығы білім беру ұйымы басшысының қолымен расталған еркін нысандағы анықтамамен расталады.

3.3. Олимпиаданың жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.

IV Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1 Олимпиада «Үркер» Зияткерлік орталығының **www.iqcollege.kz** ресми сайтында онлайн өткізіледі.

4.2 Олимпиада 1-3 курс студенттері арасында өткізіледі.

4.3 Олимпиадаға қатысу үшін қатысушының **www.iqcollege.kz** сайтында тіркелу арқылы жасалатын жеке кабинеті болуы қажет.

4.4 Оқушыға мұғалімнің бейінінен қатысуға және керісінше, бір бейіннен бір пән бойынша бірнеше рет қатысуға тыйым салынады.

4.5 Жеке кабинетте қатысушының оқу орны көрсетілуі тиіс.

4.6 Олимпиадаға қатысу үшін қатысушы есеп жазбасының балансын **Kaspi** мобильді қосымшасы арқылы, **«Mitec online»** төлем атауын таңдау жолымен немесе **банк картасымен** онлайн-төлем арқылы толтыруы қажет.

4.7 Олимпиадада тапсырмаларды шешуге уақыт шектеулі, осы уақыт ішінде қатысушы тапсырмаларға жауап беруі керек. Өту уақыты олимпиаданың сипаттамасында көрсетіледі.

4.8 Олимпиада үшін ең жоғары ұпай саны тапсырмалар құрамына байланысты қалыптасады.

4.9 Олимпиадалық тапсырма бір немесе бірнеше дұрыс тапсырманы қамтуы мүмкін.

4.10 Олимпиададан өткен кезде алдыңғы тапсырмаға оралу мүмкін емес.

4.11 Қатысушының жауаптарын тексеру және бағалау автоматты түрде жүргізіледі.

4.12 Қажет болған жағдайда олимпиаданың қорытындылары жарияланған сәттен бастап он күн ішінде апелляция беріледі. Өтініште нақты сұраққа, есепке, орындалған тапсырманың бөліміне нақты нұсқау және қатысушының пікірі бойынша баға сәйкес келмейтін жарияланған критерийді көрсете отырып, қойылған ұпайлармен қатысушының келіспеуінің дәлелді негіздемесі қамтылуға тиіс. Өтініш **iq_college@mail.ru** электронды мекен- жайына жіберіледі.

4.13 Қатысушыларға тапсырмаларды ұжымдық шешуге, сондай-ақ тапсырмаларды, *логин мен парольді* басқа қатысушыларға беруге тыйым салынады.

4.14 Олимпиадаға қатысушылар осы Ереженің нормаларын сақтауға міндетті.

V Онлайн олимпиадаға қатысуға дайындық

1. Олимпиадалық жарысқа онлайн форматта қатыспас бұрын қатысушы төмендегілерге міндетті**:**

- интернет байланысы дұрыс жұмыс істейтініне және оны пайдалану төленгеніне көз жеткізу;
- максималды өнімділікті қамтамасыз ету үшін компьютерді қайта іске қосу;
- тұрақты компьютердің орнына ноутбукты пайдаланған кезде ноутбуктың желіге қосылғанына көз жеткізу, өйткені батареямен жұмыс істеу кейде құрылғының жұмысын төмендетеді;
- компьютердегі барлық қалқымалы хабарландыруларды (жеделхаттар, пошта, жаңалықтар және т.б.), веб шолғышта өрістерді және қосымша беттерді, олимпиаданы жазу үшін пайдаланылмайтын бағдарламаларды өшіру;
- ұялы телефонды пайдалану кезінде: телефон 100% зарядталуы керек, интернетке қосылған, ұялы байланысты пайдалану төленген болуы қажет.

2. Қатысушы өзінің жұмыс орнын ұйымдастырып, онлайн олимпиадаға қатысу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс: жарықтандырудың жеткілікті деңгейі; шудың төмен деңгейі.

3. Жұмыс үстелінде қатысу ережелерімен рұқсат етілгеннен басқа бөгде материалдар мен заттар болмауы керек. Пайдалануға рұқсат етілген заттардың тізбесі:

- тапсырмаларды шешу үшін А4 форматындағы таза қағаз парақтары;
- мөлдір ыдыста су (затбелгі жоқ бөтелке, шыны және т.б.), шоколад, печенье және т.б.;
- қалам (қара немесе көк сиямен), қарындаш, сызғыш, өшіргіш.

4. Олимпиада тапсырмаларын орындау кезінде анықтамалық материалдарды, кез келген жазбаларды, электрондық құрылғыларды және т.б. пайдалануға тыйым салынады. Егер қатысушы қатысу ережесімен рұқсат етілмеген материалдар мен заттарды пайдаланса, Ұйымдастыру комитеті қатысушының жұмысын жоюға құқылы.

5. Қатысушыға дәретхана бөлмесіне олимпиада басталғанға дейін барып келу ұсынылады, өйткені тесттер үзіліссіз өтеді.

Олимпиада жарысының басталуы: олимпиаданы өткізу жүйесіне кіру және жабдықты тексеру

1. Тапсырмаларға көшу сәтіне дейін қатысушыға оның заңды өкілі (немесе тиісті техникалық қолдау көрсетуге қабілетті басқа тұлға) техникалық көмек көрсете алады.

2. Олимпиаданы өткізу жүйесіне **www.iqcollege.kz** мекенжайы бойынша кіру үшін қатысушы тіркеу кезінде алған логин мен парольді пайдаланады.

Қатысушылардың олимпиада тапсырмаларын орындау уақытына белгіленген ережелер

1. Қатысушы байқау аяқталғанша олимпиада терезесінен шыға алмайды.
2. Қатысушы байқау кезінде тек бір ғана сурет шығару құралын (монитор, ТВ, проектор), бір пернетақтаны, бір манипуляторды (компьютерлік тінтуір, трек пойнт және т.б.) пайдалануы тиіс.
3. Қатысушы ұзақ уақыт бойы сыртқы заттарға назар аудармай, компьютер немесе ұялы телефон экранындағы тапсырмаларды орындауға назар аударуы керек.
4. Қатысушы тапсырмаларды орындау кезінде үшінші тұлғалардың көмегіне жүгінуге құқығы жоқ.
5. Қатысушы тапсырмаларды орындау кезінде бөгде адамдарға компьютерді немесе ұялы телефонды пайдалануға рұқсат беруге құқығы жоқ.
6. Қатысушы тапсырмаларды орындау кезінде үшінші тұлғалармен сөйлесуге, барлық сұрақтар мен тапсырмаларды дауыстап айтуға, анықтамалық материалдарды (кітаптар, жазбалар және т.б.), кез келген қосымша гаджеттерді (ұялы телефондар, пейджерлер, планшеттер және т.б.) пайдалануға құқығы жоқ.
7. Қатысушы тапсырмаларды орындау кезінде олимпиаданы өткізу жүйесінің сайтын және тапсырмаларды орындау кезінде пайдалануға рұқсат етілген ресурстарды ғана пайдалануы тиіс.

Олимпиадаға қатысу ерекшеліктері

1. Калькуляторды қарапайым есептеу әрекеттері үшін пайдалануға болады.
2. Тапсырмалар тек рет-ретімен орындалады. Алдыңғы тапсырманы орындауға оралу мүмкін емес.
3. Олимпиадаға қатысу кезінде скриншот түсіруге тыйым салынады.

Техникалық мәселелерді шешу

1. Егер қатысушы жеке кабинеттің логині мен паролін есіне түсіре алмаса, жеке кабинетке кіру бетінде парольді қалпына келтіру функциясын пайдалануы қажет.
2. Егер Олимпиада кезінде қатысушының кінәсінен болмаған техникалық мәселелер туындаса, ол қайта қатысуға құқылы. Қатысушы скриншоттарды немесе қатысушының кінәсінен болмаған техникалық мәселелердің туындағанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

VI Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері – I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі, олар қатысушының жеке кабинетінде «Менің марапаттарым» бөлімінде сақталады.

6.2. Олимпиадаға қатысу тәртібі, жеңімпаздар мен жүлдегерлер туралы ақпарат ашық, олимпиада сайтында және @urkermitec Instagram аккаунтында жарияланады.

6.3 Олимпиада қорытындысы жарияланған күннен бастап он күн ішінде апелляцияға беруге болады.

VII Байланыс ақпараты

Олимпиаданы ұйымдастыру және серіктестік мәселелері бойынша:
«Urker mitec» Зияткерлік орталығы
Астана қаласы, Сарыарқа көшесі, 17-үй, 6-кеңсе
телефоны: 87084253299; 87470487735
e-mail: iq_college@mail.ru
ресми сайты: www.iqcollege.kz
байланысушы тұлға: Елеукулова Асель Дархановна, жоба жетекшісі.

САЙТПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Тіркелу.

Онлайн олимпиададан өту үшін www.iqcollege.kz сайтына тіркелу керек



Барлық өрістерді толтырып, содан кейін **«Тіркелу»** батырмасын басыңыз.

www.iqcollege.kz сайтына оралып, жүйеге кіріңіз.



Жеке кабинетке кіру сайт терезесінің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан.



Жеке кабинетте сіз өз профиліңізді өңдей аласыз, аяқталған олимпиадалардыкөре аласыз, сонымен қатар белсенді жарыстарға қатыса аласыз.



2. Төлем.

Олимпиаданың атауына, өткізілетін күні мен уақытына назар аударыңыз. Қатысуүшін төлем жасау керек.



Төлемді үш жолмен жасауға болады:

1. Жеке кабинетте **«Менің әмиянім»** бөлімінде толтыру батырмасын басып Kaspi Банк арқылы төлеу. Төлем жасау үшін осы терезеде көрсетілген -мына белгішені басып, Kaspi қосымшасында

ID: 10002304

шотты толтыру үшін төменде көрсетілген ID пайдалану

немесе QR арқылы: көрсетілген белгішесін сканерлеу арқылы төлемжасауға болады.

2. Kaspi қосымшасы арқылы: Төлемдер (Платежи) бөлімінде – Білім (Образование)–**Mitec Online.**Жалпы төлем жасалған жағдайда қатысушылардың аты-жөні, олар тіркелген электрондық пошталары және төлем түбіртектері төменде көрсетілген WhatsApp номеріне жіберілу керек: **87470487735**

3. Қатысу.

«Менің олимпиадаларым» бөліміне өтіңіз. Олимпиаданы бастау үшін { }белгішені басыңыз.



Олимпиадаға қатысуды бастамас бұрын қатысушы сайттың Басты бетінен тапсыру тілін таңдап алады.

2. Марапаттау.

Қорытынды олимпиаданың соңғы күні шығарылады: жалпы рейтинг пен жеңімпаздар тізімі жарияланады. Барлық жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Олимпиада нәтижелерімен **«Менің олимпиадаларым»** бөлімінен танысуға болады. Олимпиаданың барлық қатысушылары **«Марапаттау»** бөлімінде олимпиада аяқталғаннан кейін электронды форматта диплом, сертификаттарын жүктеп ала алады.